

## Астана қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Астана қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 31 қаңтардағы № 06-134 қаулысы

Қазақстан Республикасының «Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы заңдарына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың күші жойылсын:

1) "Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және Астана қаласы мәслихатының депутаттығына кандидаттардың үгіттеу баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу және сайлаушылармен кездесу өткізу үшін орын-жай беру туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 30 қарашадағы № 06-1291қ қаулысы (Астана қаласының Әділет департаментінде 2011 жылғы 30 қарашада № 6 9 9 тіркелген);

2) "2012 жылға арналған Астана қаласының көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті тыңайтқыштарды, жанар-жағармай материалдарына және тауар материалдарының құндылықтарын субсидиялау нормаларын, басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесін белгілеу туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 22 маусымдағы № 102-829 қаулысы (Астана қаласының Әділет департаментінде 2012 жылғы 16 шілдеде № 735 тіркелген);

3) "2013 жылға арналған Астана қаласының көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге тыңайтқыштарды, жанар-жағар май материалдары мен тауарлық-материалдық құндылықтарды субсидиялау нормаларын, басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесін белгілеу туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 04 қарашадағы № 102-1874 қаулысы (Астана қаласының Әділет департаментінде 2013 жылғы 06 желтоқсанда № 793 тіркелген).

2. «Астана қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік-құқықтық бөлімі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қ а б ы л д а с ы н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары Е.Қ. Нағаспаевқа жүктелсін.

Әкім

*И.Тасмағамбетов*